



Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 18-03/271а бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 мамырда № 11005 тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес аң аулау объектілері болып табылатын тұяқты жануарлар түрлерінің оңтайлы тығыздығының нормативтері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің орнықты санының нормативтері;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін алып қою нормативтері бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.03.2017 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 9 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 18-03/271 а бұйрығына
1-қосымшасы

**Аң аулау объектілері болып табылатын тұяқты жануарлар
түрлерінің оңтайлы тығыздығының нормативтері**

Аңшылық алқаптардағы бұланның оңтайлы тығыздығының нормативтері

Облыс	Алқаптың сапасы бойынша бонитет класы	Қардың орташа қалыңдығы, сантиметр	Қардың қалыңдығына арналып түзетілген бонитет класы	Популяцияның оңтайлы тығыздығы, 1000 гектар дарақ
1	2	3	4	5
Ақмола	III	30	III	3
Ақтөбе	IV	30	IV	1
Шығыс Қазақстан	III	70	IV	1
Батыс Қазақстан	III	40	III	3
Қарағанды	IV	20	IV	1
Қостанай	III	40	III	3
Павлодар	IV	30	IV	1
Солтүстік Қазақстан	III	40	III	3

Аңшылық алқаптардағы кермаралдың оңтайлы тығыздығының нормативтері

Облыс	Алқаптың сапасы бойынша бонитет класы	Қардың орташа қалыңдығы, сантиметр	Қардың қалыңдығына арналып түзетілген бонитет класы	Популяцияның оңтайлы тығыздығы, 1000 гектар дарақ
1	2	3	4	5
Ақмола	III	30	III	4
Алматы	III	30	III	4
Шығыс Қазақстан	III	70	IV	2
Солтүстік Қазақстан	III	40	III	4

Аңшылық алқаптардағы сібір елігінің оңтайлы тығыздығының нормативтері

Облыс	Алқаптың сапасы бойынша бонитет класы	Қардың орташа қалыңдығы, сантиметр	Қардың қалыңдығына арналып түзетілген бонитет класы	Популяцияның оңтайлы тығыздығы, 1000 гектар дарак
1	2	3	4	5
Ақмола	III	30	IV	4
Ақтөбе	IV	30	V	1
Алматы	III	20	III	8
Шығыс Қазақстан	III	70	V	1
Жамбыл	V	10	V	1
Батыс Қазақстан	III	30	IV	4
Қарағанды	IV	20	IV	4
Қостанай	III	40	IV	4
Павлодар	IV	40	V	1
Солтүстік Қазақстан	III	40	IV	4
Оңтүстік Қазақстан	IV	10	IV	4

Құдырдың оңтайлы тығыздығының нормативтері

Өңір	Алқаптың сапасы бойынша бонитет класы	Қардың орташа қалыңдығы, сантиметр	Қардың қалыңдығына арналып түзетілген бонитет класы	Популяцияның оңтайлы тығыздығы, 1000 гектар дарак
1	2	3	4	5
Батыс Алтай	III	120	III	10
Оңтүстік Алтай	III	60	III	10

Аңшылық алқаптардағы қабанның оңтайлы тығыздығының нормативтері

Облыс	Алқаптың сапасы бойынша бонитет класы	Қардың орташа қалыңдығы, сантиметр	Қардың қалыңдығына арналып түзетілген бонитет класы	Популяцияның оңтайлы тығыздығы, 1000 гектар дарак
1	2	3	4	5
Ақмола	III	30	IV	4
Ақтөбе	III	30	IV	4
Алматы	III	20	III	7
Атырау	III	20	III	7
Шығыс Қазақстан	III	50	IV	4
Жамбыл	IV	10	IV	4
Қарағанды	IV	20	IV	4

Қызылорда	III	10	III	7
Оңтүстік Қазақстан	III	10	III	7

Ақбөкеннің оңтайлы тығыздығының нормативтері

Географиялық популяция	Алқаптың сапасы бойынша бонитет класы	Қардың орташа қалыңдығы, сантиметр	Қардың қалыңдығына арналып түзетілген бонитет класы	Популяцияның оңтайлы тығыздығы, 1000 гектар дарақ
1	2	3	4	5
Бетпақдала	III	15	III	50
Үстірт	III	10	III	50
Жайық	III	10	III	50

Тау ешкісінің оңтайлы тығыздығының нормативтері

Өңір	Алқаптың сапасы бойынша бонитет класы	Қардың орташа қалыңдығы, сантиметр	Қардың қалыңдығына арналып түзетілген бонитет класы	Популяцияның оңтайлы тығыздығы, 1000 гектар дарақ
1	2	3	4	4
Батыс Тянь-Шань	III	40	IV	6
Солтүстік және Орталық Тянь-Шань	III	50	IV	6
Жоңғар Алатауы	III	50	IV	6
Оңтүстік Алтай	III	90	V	2

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 18-03/271 а бұйрығына
2-қосымшасы

Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің орнықты санының нормативтері

Р/с №	Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың түрлері	Орнықты саны (дарақпен)
1	2	3
1	Бұлан	1700
2	Марал, аскания бұғысы	6000
3	Сібір елігі	46000
4	Сібір тау текесі	16000
5	Қабан	14000
6	Құдыр	700
7	Қоңыр аю, Тянь-Шань аюынан басқасы	1150
8	Қоян - ор қоян, ақ қоян, құм қоян	1230000
9	Байбақ немесе дала суыры, сұр немесе Алтай - Тянь-Шань суыры, ұзынкұйрық немесе қызыл суыр	2100000

10	Тиін	35000
11	Ондатр немесе су тышқан	400000
12	Құндыз	4000
13	Түлкі	160000
14	Қарсақ	90000
15	Борсық	32000
16	Бұлғын	3400
17	Сасық күзен	150000
18	Ақкіс	75000
19	Сілеусін, түркістандық сілеусіннен басқасы	600
20	Сұр қаз, ақмаңдайлы қаз, қырман қаз, қарашақаз	4000000
21	Дыркептер, түзкептер, көк кептер, құз кептер, кәдімгі түркептер, үлкен түркептер	1800000
22	От үйрек, сарыалақаз, барылдауық, қырылдақ шүрегей, сұр үйрек, сары айдар үйрек, қызылқұйрық, ысылдақ шүрегей, жалпақ тұмсық, қызылтұмсықты сүңгуір, қызылбас сүңгуір, айдарлы сүңгуір, теңіздік сүңгуір, ұшқыр үйрек, кәдімгі ұшқыр үйрек, қара тұрпан, кіші бейнарық, ұзын тұмсық бейнарық, үлкен бейнарық, қырылдақ шүрегей, айдарлы үйрек	11000000
23	Қасқалдақ	6000000
24	Қызғыш, күжіркей, шаушалшық, таукүдірет, орман маңқысы, азиялық таукүдірет, тау маңқысы, маңқы, жылқышы, үлкен шалшықшы, орташа шалшықшы, үлкен шырғалақ, кіші шырғалақ	5000000
25	Шіл - ақ, тундралық, сұр, сақалды, шөлейттік	900000
26	Құр	6100
27	Саңырау құр	6100
28	Шіл	35300
29	Гималай ұлары	4000
30	Кеклік	27500
31	Бөдене	650000
32	Қырғауыл	230000

Ескертпе: орнықты сан (дарақпен) мынадай сапалық көрсеткіштердің есебінен қалыптасады: аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлері популяциясының саны мен жыныс-жас құрылымы; аналықтардың өнімділігі; жыл сайынғы өсім мөлшері; өлім-жітімге ұшырау.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 18-03/271а бұйрығына
3-қосымша

Ескерту. Бұйрық 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.03.2017 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар

министрінің м.а. 15.03.2021 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін алып қою нормативтері

№	Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлері	Алып қою нормативтері (%)
1	2	3
1	Бұлан (<i>Alces alces</i>)	10
2	Марал, аскания бұғысы (<i>Cervus elaphus</i>)	10
3	Сібір елігі (<i>Capreolus pygargus</i>)	15
4	Сібір тау ешкісі (<i>Capra sibirica</i>)	10
5	Қабан (<i>Sus scrofa</i>)	40
6	Құдыр (<i>Moschus moschiferus</i>)	10
7	Қоңыр аю (<i>Ursus arctos</i>), Тянь-Шань аюынан басқасы	6
8	Ор қоян (<i>Lepus europaeus</i>), ақ қоян (<i>Lepus timidus</i>), құм қоян (<i>Lepus tolai</i>)	45
9	Байбақ немесе дала суыры (<i>Marmota bobac</i>), сұр немесе Алтай-Тянь-Шань суыры (<i>Marmota baibacina</i>), ұзын құйрықты немесе қызыл суыр (<i>Marmota caudata</i>)	20
10	Зорман (<i>Spermophilus fulvus</i>)	25
11	Кәдімгі тиін (<i>Sciurus vulgaris</i>)	50
12	Ондатра (<i>Ondatra zibethicus</i>)	50
13	Өзен құндызы (<i>Castor fiber</i>)	20
14	Жанат тектес ит (<i>Nyctereutes procyonoides</i>)	50
15	Түлкі (<i>Vulpes vulpes</i>)	50
16	Қарсақ (<i>Vulpes corsac</i>)	30
17	Борсық (<i>Meles meles</i>)	20
18	Құну (<i>Gulo gulo</i>)	10
19	Кәмшат (<i>Lutra lutra</i>), ортаазиялықтан басқасы	10
20	Бұлғын (<i>Martes zibellina</i>)	20
21	Сасық күзен (<i>Mustela eversmanni</i>)	25
22	Ақкіс (<i>Mustela erminea</i>)	25
23	Сарғыш күзен (<i>Mustela altaica</i>)	25
24	Ақ қалақ (<i>Mustela nivalis</i>)	25
25	Сары күзен (<i>Mustela sibirica</i>)	25
26	Американ су күзені (<i>Mustela vison</i>)	25
27	Сілеусін (<i>Lynx lynx</i>), түркістандықтан басқасы	20
28	Сұрқаз (<i>Anser anser</i>), ақмаңдайлы қаз (<i>Anser albifrons</i>), қырманқаз (<i>Anser fabalis</i>), қарашақаз (<i>Branta bernicla</i>)	15
29	Дыркептер (<i>Columba palumbus</i>), түзкептер (<i>Columba oenas</i>), көк кептер (<i>Columba livia</i>), құз кептер (<i>Columba rupestris</i>), кәдімгі түркептер (<i>Streptopelia turtur</i>), үлкен түркептер (<i>Streptopelia orientalis</i>)	20,0
30	Отүйрек (<i>Tadorna ferruginea</i>), сарыалаказ (<i>Tadorna tadorna</i>), барылдауық үйрек (<i>Anas platyrhynchos</i>), ысылдақ шүрегей (<i>Anas crecca</i>), боз үйрек (<i>Anas strepera</i>), сарыайдар үйрек (<i>Anas penelope</i>), қылқұйрық (<i>Anas acuta</i>), даурықпа шүрегей (<i>Anas querquedula</i>), жалпақ тұмсық (<i>Anas cluata</i>), қызылбас сүңгуір (<i>Netta rufina</i>), көк сүңгуір (<i>Aythya ferina</i>), айдарлы сүңгуір	15 (жалпы лимиттің 5 %-ынан аспайтын

	(<i>Aythya fuligula</i>), айдарсыз сүңгуір (<i>Aythya marila</i>), ұшқыр үйрек (<i>Clangula hyemalis</i>), сусылдақ (<i>Bucephala clangula</i>), қара тұрпан (<i>Melanitta nigra</i>), кіші бейнарық (<i>Mergus albellus</i>), секпілтес бейнарық (<i>Mergus serrator</i>), үлкен бейнарық (<i>Mergus merganser</i>), қырылдақ шүрегей (<i>Anas formosa</i>), айдарлы үйрек (<i>Somateria spectabilis</i>)	мөлшердегі аталық үйректі көктемгі аулауды қоса алғанда)
31	Барылдауық үйрек (<i>Anas platyrhynchos</i>), ысылдақ шүрегей (<i>Anas crecca</i>), қылқұйрық (<i>Anas acuta</i>), даурықпа шүрегей (<i>Anas querquedula</i>), жалпақ тұмсық (<i>Anas clupeata</i>), қызылбас сүңгуір (<i>Netta rufina</i>), көк сүңгуір (<i>Aythya ferina</i>), айдарлы сүңгуір (<i>Aythya fuligula</i>)	Аталық үйректерді көктемгі аулауға жергілікті аталық үйректердің (ұя салуға қалатын) жалпы санының 50 %-ынан аспайды
32	Маймақ қаз - қызыл жемсаулы (<i>Gravia stellata</i>), қара жемсаулы (<i>Gravia arctica</i>)	3,5
33	Қасқалдақ (<i>Fulica atra</i>)	11,5
34	Қызғыш (<i>Vanellus vanellus</i>), күжіркей (<i>Phylomachus pugnax</i>), шаушалшық (<i>Lymnocryptes minimus</i>), таукүдірет (<i>Gallinago gallinago</i>), орман маңқысы (<i>Gallinago megala</i>), азиялық таукүдіреті (<i>Gallinago stenura</i>), тау маңқысы (<i>Gallinago solitaria</i>), маңқы (<i>Gallinago media</i>), жылқышы (<i>Scolopax rusticola</i>), үлкен шалшықшы (<i>Numenius arquata</i>), орташа шалшықшы (<i>Numenius phaeopus</i>), үлкен шырғалақ (<i>Limosa limosa</i>), кіші шырғалақ (<i>Limosa lapponica</i>)	3,5
35	Ақ шіл - (<i>Lagopus lagopus</i>), тундралық (<i>Lagopus mutus</i>), сұр (<i>Perdix perdix</i>), сақалды (<i>Perdix dauurica</i>), дала (<i>Ammoperdix griseogularis</i>)	20,0
36	Құр (<i>Lygurus tetrix</i>)	15,0
37	Саңырау құр (<i>Tetrax urogallus</i>)	5,0
38	Сұр құр (<i>Tetrastes bonasia</i>)	12,0
39	Гималай ұлары (<i>Tetraogallus himalayensis</i>)	15,0
40	Кекілік (<i>Alectoris chukar</i>)	25,0
41	Бөдене (<i>Coturnix coturnix</i>)	15,0
42	Қырғауыл (<i>Phasianus colchicus</i>)	24,0